7 НОЯБРЯ
2022 ГОДА
№5

Антикоррупционный вестник
ЖАҢАРУ
www.zhanaru.kz

Общественно-политическая газета антикоррупционной направленности. Распространяется бесплатно

Новые кадры придадут дополнительный импульс борьбе с коррупцией. Вслед за поэтом Мағжаном Жумабаевым хочу сказать: «Я верю в молодых!».

К.Токаев

ШЫНДЫҚТА-КҮШ, ХАЛЫҚТА-ИГІЛІК

АДАЛДЫҚ ПЕН ӘДІЛЕТТІЛІК ЖОЛЫНДА

Сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізу барысында ҚР Президентінің саясатын қолдай отырып, күрделі тақырыптың ауқымында үлкен жобаларды іске асырып отырған «ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс республикалық қоғамдық бірлестігі 2013 жылдың 3 желтоқсанында құрылған болатын. Оның негізін қалаған мемлекет және қоғам қайраткері Оралбай Әбдікәрімұлы Әбдікәрімов - халықтың қажеттілігі үшін қоғамымызда өршіп тұрған сыбайлас жемқорлықтың алдын алып, оған қарсы пәрменді күрес жүргізу мақсатында нақты қадамдар жасады.

Қоғамдық бірлестік сол кезден бастап бүгінгі таңға дейін күрмеуі шешілмей келе жатқан, қоғам үшін ауыр індетке айналған тақырып-сыбайлас жемқорлыққа тосқауыл қою мақсатында мемлекеттік мекеме, ұйымдармен, құқық қорғау органдарымен бірлесе жұмыс жасап, халық игілігі үшін тегеурінді күрес жүргізіп келеді. Өкінішке орай, бұл жәйсіз көріністері мемлекеттік қызметтің әртүрлі салаларында белең алып отырғаны жасырын емес. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты қордаланған мәселелер мен шешілмеген түйіндері көп жұмыстардың барысында біздің ең алдымен атқаратын міндетіміз-халыққа рухани-моральдық бағытта көмектесу, ағарту жұмыстарын жүргізу, халық пен билік орындарының, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік емес ұйымдардың арасында нақтылай жұмыстар жасау.

Жаңа өсіп келе жатқан жастарымызға дұрыс тәрбие беріп, алдағы жаңа өмір жолдарында адалдық пен ізгіліктің дәнін егу мәселелері де басты назарда.

Осы мақсатта біз «Жастардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізу» атты әлеуметтік жоба шеңберінде жастарға берілетін ұлттық құндылықтармен бірге сабақтастыра отырып көптеген іс-шаралар жасаудамыз. Сонымен қатар, мемлекеттік органдармен және басқа да азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимыл орнатылған, бұл Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның ережелерімен көзделген.

Осы күзде біз қоғамымыздың тарихында алғашқы рет кәсіби тұрғыдан социологиялық зерттеу өткіздік. Бұл жұмыс «Жастардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру» атты әлеуметтік жоба шеңберінде жасалды.

Қойған мақсатымыз-жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін талдау. Бұған республикамыздағы белгілі жоғары оқу орындарының студенттері қатысты. Мысалы: Қарағандыдағы «Болашақ» университетінің жас респонденттерінің 43 пайызы мемлекеттің сыбайлас жемқорлық мәселесін шешуге құштарлығын азды-көпті мойындайды. Оларға мемлекеттің бұл мәселені шешуге құлшынысы да, әрекеті де жоқ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің сыртқы түрі мен еліктеуі ғана деп есептегендер 55 пайыз.

Зерттеу нәтижелерін талдау кезінде сауалнамаға қатысқан жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске қатысты ұстанымдарының екіұштылығын және пікірлерінің келіспейтінін көрсетті.

Бүгінгі таңда «ЖАҢАРУ» қоғамдық бірлестігінің Қазақстанның 17 облысында өңірлік филиалдары жұмыс жасайды. Сонымен бірге қоғамдық бірлестік Халықаралық ұйымдарымен тығыз байланыс орнатқан. Олардың өз шарттары мен талаптарына сәйкес әлемдік стандарттарға сай жұмыс жасаймыз. Бұл біздің дүниежүзілік іс-тәжірибеде өзіміздің өркениетімізді, жеткен жетістіктерімізді көрсетудегі нақты іс-қимылдарымыз болып отыр.

«ЖАҢАРУ» қоғамдық бірлестігі БҰҰ-ның Конвенцияны іске асыру жөніндегі мемлекеттің міндеттемелеріне мониторингті жүзеге асырады. Осы орайда өз ұсыныстарын Парламентке, Үкіметке, Министрліктер мен ведомстволарға, жергілікті өкілді органдарға және барлық мүдделі тараптарға үнемі енгізіп отырады.

Жуырда Біріккен ұлттар ұйымының сайтында Қазақстандағы азаматтық қоғамның жаршысына айналған «ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс республикалық қоғамдық бірлестігінің жеке парақшасы ашылды.

Біздің қоғамдық бірлестік ұсыныстары көп жағдайда алда жүреді, бірақ бұл жағдайда қоғам оған дайын болуы қажет, пісу керек. Ұсыныстарды қабылдайтын мемлекеттік органдар бар, қабылдамайтындары да бар. Бізге келіп кеңестер сұрайтын азаматтар легі көп. Бұл дегеніміз - халықтың біздің қоғамдық бірлестікке деген шынайы, таза көзқарасы, халық арасында түйткілді болып өз шешімін таппаған мәселелердің түйінін шешу, халықтың сенімін арқалай жүріп, қарау, бірлесе жұмыс жасауға ашық жол табу болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу барысында Ауыл шаруашылығы, Ішкі істер министрліктерімен, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, ҚР Қарулы күштері, партиялармен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресі қоғамдық кеңесімен тағы да басқа мемлекеттік жоғары орындармен және қоғамдық ұйым, бірлестіктерімен белсенді түрде жұмыс атқарып келеді.

Жалғасы 3 бетте

НРАВСТВЕННЫЙ ИМПЕРАТИВ

РОО «Общенациональное движение против коррупции «Жаңару» принимает активное участие в реализации антикоррупционной политики государства со дня своего основания – 2013 года.

Деятельность РОО «Жаңару» в 2022 году в основном была связана с важным проектом по формированию антикоррупционного сознания у молодежи. По всей республике проведена комплексная работа: встречи в вузах, приемы граждан, беседы-дискуссии, обмен мнениями с различными стратами населения, с представителями государственных органов и неправительственных организаций, экспертами. Проведены конференции, круглые столы, мастер-классы, прочитаны лекции в университетах и колледжах, социологические исследования среди молодежи, опубликованы брошюры по тематике, изданы методические рекомендации. Все это дает возможность поделиться наблюдениями и некоторыми выводами по итогам проведенного комплекса мероприятий.

Следует отметить, что формирование антикоррупционного иммунитета казахстанской нации связано не только с совершенствованием антикоррупционного законодательства, вовлечением в антикоррупционный процесс институтов и механизмов гражданского общества. Оно во многом определяется структурными мировоззренческими изменениями, формированием базовых, ломающих прежние стереотипы, ориентиров нового самосознания казахстанского общества. И в этом глобальном вопросе во весь рост встает роль науки и образования в формировании антикоррупционного сознания у молодежи.

Сегодня необходимо формировать новый положительный образ казахстанца – патриота, труженика, законопослушного гражданина и честного, неподкупного человека, не приемлющего коррупцию в любых проявлениях. Законопослушность – условие необходимое, но недостаточное. Достаточным его делает нравственный императив, ставший убеждением. Поэтому воспитание новой генерации специалистов, особенно государственных служащих, обладающих стойким иммунитетом против коррупции, невозможно вне общего подъема не только правовой, но и духовно-нравственной культуры всего населения.

Продолжение на 3 стр

В НОМЕРЕ

ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ ҚҰРУ ҮШІН- СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТАН ҚҰТЫЛУ ҚАЖЕТ
2 бет.

ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ ҚҰРУ ҮШІН- СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТАН ҚҰТЫЛУ ҚАЖЕТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2022 жылдың 1 ақпанында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі кеңесте «Сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресу мемлекеттік саясаттағы негізгі басымдықтың бірі. Осы орайда заң үстемдігін орнатып, нағыз құқықтық мемлекет құру үшін ең алдымен жемқорлықтың тамырына балта шабу керек» - деп назар аударды.
Біздің тәуелсіздігіміз үшін, мемлекетімізге, қоғамға толассыз еңбектер жасап, сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс жүргізудің бағдаршамын көрсете білген және осы жолда аянбай тер төгіп белсенді қызмет атқарып келе жатқан мемлекет және қоғам қайраткері, ұлт абызы, «ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс республикалық қоғамдық бірлестігінің құрметті төрағасы Оралбай Әбдікәрімұлы Әбдікәрімовпен сұхбаттасқан едік.

- Сіз 2013 жылдан бастап халықтың қажеттілігі мен олардың әділетті, таза қоғамда өмір сүруі үшін сыбайлас жемқорлықты тоқтату, оған тегеурінді тосқауыл қою мақсатында «ЖАҢАРУ» республикалық қоғамдық бірлестігін құрып, күрмеуі шешілмей жатқан күрделі мәселенің түйінін шешу жолында еліміздегі көптеген жұмыстардың атқарылуына үлкен ықпал жасап, шынайы еңбектеріңізді, қажыр-қайратыңызды жұмсап келесіз. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халыққа керекті сұхбат, кездесулер мен кеңестер өткіздіңіз. Қазақстанның барлық облыстарында дерлік қоғамдық бірлестік филиалдарын құрып, халықпен қоян-қолтық тығыз қарым-қатынас жасау жолында қажырлы еңбек етіп келесіз. Өзіңіз негізін қалаған «ЖАҢАРУ» қоғамдық бірлестігінің арқасында халық сыбайлас жемқорлықтың індет екенін түсіне бастады. Осы мақсатта жүргізіліп отырған жұмыстар жөнінде айтсаңыз?

- Ең маңыздысы - қоғамдық өмірде болып жатқан өзгерістер жағдайында елде қабылданған бағдарламалық құжаттарда негізделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне айрықша назар аударып отырмыз.

Біріншіден, халық қоғамдық ұйымдарға кеңінен қатысып, жариялылықты күшейтуге ықпалды әсер ету керек. Осы орайда Бұқаралық ақпарат құралдары мемлекеттік органдармен тығыз байланыс орнатып, нақты қоғамда туындап жатқан сұрақтардың мемлекеттік тұрғыдан шешу жолдарын көрсетсе. Бұрынғыға қарағанда қазір ашықтық бар, бірақ барлығы бірдей ашық айтып отырған жоқ. Қолға алынып жатқан жұмыс бар да, нәтижесі аздау.

Екіншіден - жариялылық толығымен іске асырылу керек, жасыратын, бұғып қалатын жағдай болмауы тиіс. Мемлекеттік, құқық қорғау органдары, мемлекеттік қызмет, сот өзгерту реформалары осы орайда белсенді жұмыс жасауға міндетті. Сот түзелмей - жемқорлық жойылмайды. Нағыз өз деңгейіне сай жұмыс жасайтын сот болса, халық үшін жүйелі түрде не істелді, не өзгерді, түзетілді, соңғы мәліметтердің барлығын, сайып келгенде сот ісіндегі бүкіл нәтижелерді дер кезінде халыққа жеткізіп отырар еді.

Біз құрған қоғамдық бірлестіктің жұмыс жасау аясына біреуді қолдан ұстап, жемқор деп көзге шұқып көрсету немесе құқық қорғау органына бір сәтте тапсырып жіберу іс-әрекеттері кірмейді. Нақты жасалатын жұмыстарымыз - құқықтық заңнаманы үйрету, таныстыру, қылмыстық іске тартылған болса не үшін сотталды, оған не себеп болды?

Қоғамдағы орын алып жатқан жемқорлық көріністерін болдырмау, алдын алу, қауіпті ауруға айналған жағдаяттарға тосқауыл қою - мемлекеттің де, қоғамдық ұйымдардың да, әр азаматтың да негізгі мақсаты болуы керек деп ойлаймын. Декларация жүргізу нәтижесінде сол жұмыс жасап жүрген азаматтың кірісі мен шығыс табысының көзін, ашық түрде нақты дүние-мүлкін жариялап көрсету қоғам үшін де халық үшін де қажет. Осындай маңызды мәселелер тұрғысында біздің «ЖАҢАРУ» халықтың жанашырына айналып келеді деп айтуға болады. Жанашыры дейтініміз - бұл өзекті мәселеге бел шеше кіріспесек, ертеңгі болашағымыздың тамырын улайды, қоғамда шындық пен әділеттілік мүлдем жойылып кетеді. Бұл дегеніміз адамзат өмірінің жарқын өмір сүруіне ауыр соққы болғанмен бірдей кереғар құбылыстар.

Осы бағытта қоғамға қауіпті індеттен құтылу үшін алдағы уақытта қандай қоғамдық, мемлекеттік іс-шаралар жүргізуіміз қажет?

Бұл жолдағы басты мақсат - халық арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы түпкілікті өзгерту, ағарту, түсіндіру жұмыстарын жүргізу, мемлекеттік қызметкерлерді тәрбиелеу, өзіміздің өткізген іс-шараларды тұрақты түрде халықпен таныстырып отыруымыз қажет. Ал енді мемлекеттік қызметкерлермен байланыс жасай отырып, бірлесе жұмыс жасауға біз әрдайым ұсыныстар жасап отырамыз. Мұндай істердің жүзеге асуы сол мемлекеттік органдар басшыларының сыбайлас жемқорлық көріністеріне қатысты көзқарасына, дұрыс жұмыс жасау бағытына, іскерлігіне байланысты болатыны күнделікті жұмыс барысында көрініп жүрген жайттар. Мәселен, жыл басынан бері ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігімен субсидиялар қалай жұмсалды, талдау жасайық, үкіметтен түскен қыруар қаржылар қалай игерілді, қайда пайдаланылды деген сұрақтар төңірегінде ұсынымен шыққан болатынбыз. Ешқандай жауап болмады. Сонымен қатар, Экология министрлігі, «Ауыл» партиясымен де бірлесіп жұмыс жасап, халыққа ашық түрде жасалған жұмыстарымыз жөнінде есебіміздіберейік деп ұсыныстар жасағанбыз. Бұл аталған мемлекеттік органдардың әрқайсысының өз бағдарламасы, жұмыстарының шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жүргізу туралы бөлім енгізілген. Бірақ оған селқос қарайды, қашқақтап жүреді, ұсыныстарға нақты жауаптар бермейді. Парламенттегі «Жаңа Қазақстан» ұйымына Парламенттік тыңдау туралы да ұсыныс жасағанбыз. Ондағы мақсат - қай заң енгізілсе де, сараптама жасап бірлесе қабылдайық, іске аспағанына тексеру жүргізіп, ел, қоғам үшін қолайлы ықпал туғызу тұрғысында жұмыс жасау болатын.

Біздің қоғамдық бірлестік тарапынан қауіпті індетке қарсы іс-шаралар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, кездесулер, баспасөз конференциялары, бірлескен меморандумдар да жасалған. Әлі де жасалу үстінде.

Республикалық, облыстық, аудандық, ауылдық дәрежедегі басқару қызметтеріне азаматтарды жұмысқа қабылдау кезінде сыбайластыққа қатысы жоқ, қолы таза азаматтың қызметке орналасуын қалай іске асырамыз?

Бұл міндетті мемлекеттік қызмет жөніндегі агенттік, жергілікті мемлекеттік басқару академиясы, президенттік резерв тағы басқа мемлекеттік органдар жүзеге асырады. Десек те, дәл осы мәселенің жүйелі түрде жұмыс жасап жатқанын көргенім жоқ. Мемлекет басшысы бірден бұл істерді нақты қолға алып, басшысы жемқорлықпен ұсталса, қарамағындағы орынбасарлары да өзін отставкаға беріп, бірден жұмыстан босатылып кете берсін деген нық талаптар қойылды. Өйткені жанындағы жемқордың қылмысын әшкерелеп бермегені үшін олар да жауапқа тартылады, бұл дегеніңіз сыбайлас жемқорлық көріністерін көріп біле тұра айтпау, кедергі келтірмеу, сол көріністердің ары қарай жолының ашылып кетуіне жағдаяттар жасап кететіндіктен осы мәселелер негізге алынды. Мұндай келеңсіз жағдайлар Түркістан, Атырау облыс әкімдерінде де кездесіп жатты. Бір айта кететіні бір орында жұмыс жасап отырған қызметкердің ол лауазымды қызмет иесі, әкім бе, министр ме, мектеп директоры ма қылмыстық іспен немесе заң талаптарына қайшы келіп жұмыстан шығарып тастағаннан кейінгі жерде дәл сол орынға қайта жайғасуы немесе одан да күшті лауазымдық орындарға орналасып қайта отыруы халықтың наразылығын тудырып жүргені жасырын емес. Халықтың қитығына тиіп, әділеттіктің орындалмауы да осындай кереғарлықтардан туындайды.

Көп жағдайларда теледидар мен әлеуметтік желілерде сыбайластықты қолында билігі бар сот, прокуратура, Ішкі істер министрлігі, медицина салаларындағы лауазымды қызметкерлер жасайтынын күнделікті теледидардан көріп, қылмыстық іске тартылып жатқанын да көріп отырмыз. Десек те нақтылық жоқ, қанша құқық бұзушылық жасалды, оның қаншасы сотқа жетті, қылмыскерлер жазасын алды ма? - деген сұрақтар барысында айқын мәліметтер жоқ. Бұл келеңсіздіктерді қалай тоқтатамыз? Неге біз осы уақытқа дейін «жауырды жаба тоқимыз?»

Теледидар, бұқаралық ақпарат құралдары мемлекет қызметкерлері туралы айтып та, жазып та жүр. Бірақ нақты деректер бойынша сөйлей алмай отыр, қылмыс жасаған адамның атын атап, түсін түстемей «А» деген азамат деген сияқты белгісіз түрде береді, бұл дұрыс емес. Шын мәнінде қылмыс жасаған адамдарды қара тізімге енгізіп жариялау қажет, құр айта салудың қажеттілігі ешкімді қызықтырмайды. Осы мәселе бойынша журналистік зерттеулер жоқтың қасы, бұл қылмыстық іс қалай басталды, оған кімдер қатынасты, қоғамдық пікір туғызу мәселелері қаралмаған. Бұл тарапта мемлекеттік органдар қылмыстық істер жөнінде, олардың атын-жөндерін жариялап отыру керек. Мысалы, осындай азамат 5 жылға сотталды, бұл ертеңгі күні ұрпағына, үрім-бұтағына таңба дегенді айтып отырса қылмыстың жолына тосқауыл қоюдың бір әдісі болуы ғажап емес.

Сыбайлас жемқорлық дерек көздері, бұл қауіпті індеттің арғы замандардан бері басталып кеткені де көңілге кірбің ұялатады. Абай заманындағы сыбайлас жемқорлық көріністерінен де білеміз.

- Осы жолда алдағы уақытта нендей іс-әрекеттер мен онымен күресудің қандай алғышарттары бар деп ойлайсыз?

- Жемқорлық күрделі де қатпары көп құбылыс ретіндегі тарихы өз ғұмырының ұзақтығы жөнінен адамзат өркениетінен кейін қалған емес.

Қазақстанда жылына мыңдаған мемлекеттік қызметкердің үстінен қылмыстық іс қозғалады. Қылмыс жасағандардың 99 пайызы өзіміздің қазақтар, басқа ұлт өкілдері жоқтың қасы деуге болады. Осы жағдай үшін әрқайсымыз ойлануымыз керек, адамдарда ұлттық рух, «мен қазақпын, тәуелсіз елімнің азаматымын» деген патриоттық рух болу керек. Сонымен қатар, отбасы тәрбиесі, моральдық принциптер мықты қолға алынса ешкім де сыбайлас жемқорлық жасауға бармас еді.

Ал енді 80 миллион халық тұратын Германияда соңғы 30 жылда бірде бір шенеунік жемқорлық әрекеті үшін ұсталмаған. Германия билігінің жемқорлыққа қарсы жүргізген күрестерінің нәтижесінде бұл елде бюджеттің қаржысын ұрлау, пара алу жойылған. Дания, Финляндия елдерінде жемқорлық жоқ. Бұл мәселе жөнінде бұл елдерде мемлекет тарапынан қатаң тәртіптер енгізілген. Бір ғана мысал: жұмыс кабинетіндегі телефонды яғни мемлекет мүлкін өзінің жеке мүддесі үшін пайдаланып сөйлессе, жұмыстан кетеді.

Қорыта айтқанда, елімізде сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін әлемдік тәжірибелерді, ұлттық көне, мәңгілік құндылықтарымызды пайдалана отырып, тәрбиелік мәні бар ғибратты тағылымдарын ала отырып осы жолда табанды, қажырлы, ерекше күш-жігермен жұмыс жасауымыз қажет.

Сүбелі сұхбатыңызға рақмет! Ел игілігі үшін жасап отырған еңселі еңбектеріңізге толағай табыстар мен сәттіліктер тілейміз!

Айжан Мұсабаева,
«ЖАҢАРУ» республикалық қоғамдық бірлестігінің баспасөз хатшысы

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР АЗАЙҒАН ЖОҚ

2021 жылғы көрсеткіш бойынша Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы агенттігінің Ұлттық баяндамасына сәйкес сыбайлас жемқорлық фактілері 29%-ке төмендеген.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін 892 адам сотталған, оның ішінде - Ішкі істер органдарынан – 207, әкімдіктердің және олардың құрылымдық бөлімшелерінің-150, оның ішінде: әкімдердің-5, Қаржы министрлігі-34, Ауыл шаруашылығы министрлігі-19, Денсаулық сақтау министрлігі-16, Ұлттық қауіпсіздік органдары-10, экономикалық тергеу қызметі-4, прокуратура-3, судьялар-3 адам болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыс құрылымында жылдан жылға парақорлықтың үлесі артып келеді.

Егер 2015 жылы бұл әрбір үшінші қылмыс болса, 2021 жылы 67% -тен асады.

Бұл бюрократия мен күрделі рәсімдермен байланысты мемлекеттік аппараттың жұмысында қауіпті аймақтардың болуы туралы сигнал.

Жалпы статистиканың төмендеуіне қарамастан, аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстар саны (10%-ке), ұсталғандар (10%-ке, 216-дан 235-ке дейін), тұтқындалғандар (13%-ке, 197-ден 223-ке дейін) және бас бостандығынан айыруға сотталғандар (7%-ке, 269-дан 289-ға дейін).

Баяндамада сондай-ақ қоғамдық кеңестердің сапалы құрамы мәселесі бойынша азаматтардың шағымдары және соның салдарынан билікпен нақты диалог үшін алаңдардың жоқтығы атап өтілген.

Ағымдағы жылдың тамыз айының қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық қылмыстарына министрліктердің 111 қызметкері түсті, бұл өткен жылмен салыстырғанда 20,7%-ке көп. Мұндай қылмыстарды Қаржы министрлігінің қызметкерлері жасады: 33 адам, бір жыл бұрын 31-ге қарсы. Жылдық өсім 6,5% құрады.

Антилидерлер қатарына ҚР Қорғаныс министрлігі (22 адам, плюс 83,3%),

Ауыл шаруашылығы министрлігі де кірді (16 адам, жылына 23,1%) және индустрия министрлігі және инфрақұрылымдық даму министрінің (сондай-ақ 16 адам, бұл бір жыл бұрынғыға қарағанда бірден 5,3 есе көп). ІІМ аппараты қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық қылмыстар тіркелген жоқ.

Осы бағытта сыбайлас жемқорлыққа қарсы тосқауыл қою мақсатында «ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс республикалық қоғамдық бірлестігінің атқарып отырған нәтижелі жұмыстары қарқынды. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» ҚЕАҚ-ның қолдауымен «ЖАҢАРУ» бірлестігінің Астана қалалық филиалының ұйымдастыруымен «Жастардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізу» атты әлеуметтік жоба аясында жастармен кездесулер, дөңгелек үстелдер өткізіліп, дәрістер оқылды.

Жуырда Астана қалалық филиалының ұйымдастыруымен Қазақ Ұлттық «Шабыт» университетінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы дәріс жүргізілді. Мұндағы мақсат- сыбайлас жемқорлықты тежеу, оған тосқауыл қою мақсатында атқарылатын жұмыстар барысы-адамгершілік, парасаттық қасиеттерді қоса отырып жасалып, жастармен жұмыс жасау барысында тек қана қағаз жүзінде емес, нағыз іс жүзінде – тәжірибе арқылы түсіндіріп, нақты іске асыратындай жағдайда болуы керек.

Сонымен қатар індетке қарсы күрес жүргізу барысында отбасы құндылықтары басты орын алады, ананың сүтімен, әкенің адалдыққа негізделген тәрбиесінен сусындаған жасөспірім-өсіп азамат болған кезде қоғамға өзінің үлесін қоса алатындай жағдайға жетуі керек. Жастардың даму процесіне ерекше мағына беру керек, мұндағы күтілетін нәтиже-заман ағымына сай үнемі ізденіс үстінде жүру, білім, зеректік саласында басқа ел жастарынан көш ілгері жүру, қарым-қабілеті жағынан жоғары деңгейге шығу.

Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты ұлттық практика мен озық шетелдік тәжірибені ескере отырып, қоғамның сұраныстарына сүйене отырып, үнемі жетілдіріліп отырылады.

Азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтау кепілдіктерін күшейтуге, жазалаудың бұлтартпастығына және сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған қылмыстық процестің үш буынды моделі енгізілуде.

Пенитенциарлық мекемелерде және полицияның қызметтік үй-жайларында, сондай-ақ құқық қорғау органдарының барлық жедел-тергеу бөлімшелерінде жаппай бейнебақылау енгізілуде.

Күнделікті практикада сотқа дейінгі тергеп-тексерудің электрондық жүйелері, әкімшілік өндірістер, тексеру субъектілері мен объектілерін есепке алу, сондай-ақ, «Qamqor» ақпараттық сервисі қолданылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестер алдағы уақытта да жастардың болашақ қарымы, таза білім алуы мен қоғамдағы жат қылықтардан аулақ болуға септігін тигізбек.

Дәулеткерей РАХМЕТУЛЛИН,
«ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасының Астана қалалық филиалының директоры, ІІМ қоғамдық кеңес мүшесі

ШЫНДЫҚТА-КҮШ, ХАЛЫҚТА-ИГІЛІК

АДАЛДЫҚ ПЕН ӘДІЛЕТТІЛІК ЖОЛЫНДА

Бұл тұрғыдағы біздің мақсатымыз- дүниежүзіндегі ең үздік тәжірибелерді сараптап, талдай отырып, халық ағарту жұмыстарын үздіксіз жүргізу, бұл жұмыстарды орындау барысында тек мемлекеттік тұрғыда ғана емес, құзіретті органдар, депутаттар , қоғамдық ұйымдармен бірге жұмыс жасау. Қадамдарымыз нақтыланып келе жатыр, дегенмен де бұл жолда алдағы уақыттарда да нақтылы жұмыстарды жасап нығайту керек.

Елімізде осы індетке қарсы тосқауыл қою мақсатында мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестік арасында бірлескен меморандумдар, дөңгелек үстелдер, кездесулер, дәрістер, пікірталастар, БАҚ-мен кездесулер, шеберлік-кластар, өңірлердің және мемлекеттік органдардың басшыларымен өзекті мәселелер талқыланды. Маңызды кездесулерде нормативтік-құқықтық актілердің тәртібін өзгерту, заман ағымына сәйкес жұмыс жасау құрылымында тың өзгерістер жасап, цифрландыру және автоматтандыру жүйесін енгізу мәселелерін тиісті орындарда айтып келеміз.

Жастардың бойында сыбайлас жемқорлыққа сананы түбегейлі өзгерту үшін ең бірінші кезекте отбасындағы ата-ананың тәрбиесінен бастау алып, адалдықтың мықты қазықдіңгегі ретінде халық даналығын пайдалана отырып, әділдік үшін күрестің-шынайы адамшылық күрес екенін дәріптеу абзал.

Қоғамдағы адалдық пен ізгілік істері, әділеттіліктің көріністері жастардың бойына патриоттық сезімдерін ұялатып, олардың өнертапқыштық, ғылымға деген ізденістері, түрлі жобалар аясында алаңсыз жұмыс жасауына түпкілікті жол ашылады. Елімізде болып жатқан сыбайлас жемқорлық деректері- жең ұшынан жалғасқан тамыр-таныстық, туыстық қарым-қатынастар, қоғамда кездесіп жатқан пара алу, пара беру іс-әрекеттері жаңа ғана бой түзеп, жаңаша өмірге бағытталған жас жеткіншектердің санасын улап, адами қасиеттерден ада қылып, қоғамнан өз орнын әлі тауып үлгермеген жастардың көңіліне қаяу салып, тығырықтан шығатын жол таба алмай сенделуіне, психологиялық тұрғыдан жан дүниесіне ауыр әсер ететіні анық.

Осы орайда ұлттық құндылықтарымызды дәріптей отырып, ең алдымен отбасынан бастап жас баланы адалдыққа, ізгілік пен жақсылыққа құштар болып үйретуге ықпал ету маңызды міндеттердің бірі болып отыр.

Қоғамда ауыр індетке айналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша тек қана мемлекеттік органдар, «ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс Республикалық қоғамдық бірлестігі ғана емес, барша халық болып «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара отырып жұмыс жасауымыз қажет.

Қорыта айтқанда, барша халық, қоғамдық ұйымдар, мемлекеттік мекемелер, құзіретті орындар болып сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті ымырасыз, тоқтаусыз жүргізу керек. Мұндай жобалар бір-екі жылдың аясында ғана қалып қоймай, үздіксіз күрес жүргізуді талап ететін күрделі әрі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресетін негізгі факторларды анықтай отырып жасалатын күрделі еңбектердің қатарына жатады. Осы жолда біздің қоғамдық бірлестік халықпен біте қайнасып жұмыс жасай отырып, қарқынды тегеурінді жұмыстар жасауға дайын.

Мәлс Зайноллаұлы СЕМҒАЛИЕВ,
«ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы

НРАВСТВЕННЫЙ ИМПЕРАТИВ

Данный подход должен быть определяющим при реализации социальной политики государства. В своей предвыборной платформе «Справедливый Казахстан – для всех и для каждого» Қ.Тоқаев отметил, что неотъемлемой частью нашего культурного кода должны стать такие качества, как трудолюбие и стремление к знаниям, уважение закона и соблюдение правопорядка, неприятие популизма и радикализма, осуждение культа наживы и чрезмерного потребления, приверженность гуманизму, солидарность и взаимовыручка.

Иными словами, формирование культурного кода нации осуществляется, прежде всего, через систему воспитания и обучения.

Образование – один из наиболее активных социальных секторов. По данным опроса Всемирного экономического форума Shapes, 80% молодых казахстанских респондентов назвали коррупцию самой острой проблемой в стране.

Всю работу по противодействию коррупции необходимо переводить на научную основу, касается ли это научной антикоррупционной экспертизы проектов законов и нормативных правовых актов или фундаментально-прикладных исследований по тематике как важнейшей составляющей превенции коррупции.

Это даст возможность для системно-скоординированной работы государственных и общественных организаций.

Проведение всесторонних исследований для выявления системных рисков коррупции в государственном и частном секторе будет способствовать результативности антикоррупционной политики и стратегии.

На сегодня еще недостаточно используется потенциал системы науки и образования. Проведенные встречи в вузах и мероприятия с участием студентов убеждают в том, что молодежь осознает свою роль в «очищении» общества от коррупции. И прежде всего за счет получения качественного образования и воспитания в себе антикоррупционного иммунитета. В этом процессе актуальным продолжает оставаться проблема ответственности преподавателей вузов за качество своей работы: преподавания и руководства научными исследованиями магистрантов и докторантов.

Да, на сегодня у нас немало антикоррупционных инициатив в различных сферах жизнедеятельности. Но время требует системной работы. Важно, чтобы представители государственных органов и граждане в равной степени осознавали необходимость конкретных действий и неукоснительного исполнения своих обязанностей.

Бейбіт МАМРАЕВ,
доктор наук,
профессор, академик,
заместитель председателя
РОО «JAN'ARU»

ӘДІЛЕТТІЛІК- ҚОҒАМНЫҢ ТҰҒЫРЫ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекетік саясаттың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын түсіндіріп, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі талаптарын сақтау, антына берік болу басты назардағы іс-қимылдар болып табылады.

Болашағын бағамдайтын мемлекет жастар санасының ояу, білімінің жоғары болуына басты мән береді. Білім мен ғылымның салтанат құруы Қазақстанның еңсесін ешкімге бастырмауына сеп болатын кезеңде атқарар жұмыстар нәтижелі болатынына сенім мол. Біліммен қатар қоғамдық белсенділікті және құқықтық сауаттылықты арттырғанымыз жөн..

Осы бағытты ұстанған Дулати университеті тәрбие жұмысы мен әлеуметтік мәселелер жөніндегі департаментінің ұйымдастыруымен «ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс» республикалық қоғамдық бірлестігі Жамбыл облыстық филиалымен кездесу өткізді.

Сыбайлас жемқорлыққа тойтарыс беру мақсатында Жамбыл облысында ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен Әділдік жолы РҚБ-нің ұйымдастыруымен «Әділдікті талап ет!» акциялары да жүйелі түрде ұйымдастырылып келеді. Кеше Жамбыл облысының «Антикор» орталығында ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Жамбыл облысы бойынша департаментінің қызметкері Айбек Ажибаевтың «Әділдік жолы» РҚБ филиалының жетекшісі Назима Жұбандықова мен «ЖАҢАРУ» РҚБ филиалының басшысы Қасымхан Төлендиевтің қатысуымен қорытынды жиын өткізілді.

Жол саласында тұрғындар тарапынан келіп түскен 93 өтініштер мен ұсыныстар қаралды. Мәселені талқылауға облысқа белгілі қоғам белсенділері мен іскер азаматтары, БАҚ өкілдері қатысып, өз ұсынымдарын айтты. Отырысқа қала және бірқатар аудан әкімдерінің орынбасарлары мен ТКШ басшылары, сала басқармасы мен «ҚазАвтожол» өкілдері қатысып сұрақтарға нақтылы жауаптар мен түсініктемелер берді.

Ал тоғыз рет сотта қаралған, бірақ соттың шешімі орындалмай жатқан мердігер «Жилстрой» туралы мәселе Бас прокуратура назарына жіберілді.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында Жамбыл бөлімшелік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының ұжымымен де бірқатар кездесулер өткізілген. Онда Әдеп кодексінің талаптарын сақтау, антына берік болу туралы әңгіме қозғалды

Жамбыл облысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы ымырасыз күрес жүргізу мақсатында үздіксіз тындырымды жұмыстар қарқын алып келеді. «Жастардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру» әлеуметтік жоба шеңберінде жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы көріністеріне тосқауыл қоюға, олардың қоғамда болып жатқан кереғар, жат қылықтардың алдын алуға тәрбиелеу мақсатында көптеген іс-шаралардың жүргізілуіне мұрындық болды.

Қасымхан Естемесұлы ТӨЛЕНДИЕВ,
«ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс» РҚБ Жамбыл облыстық филиалының директоры

БІРЛЕСКЕН МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

24 тамыз күні ҚР Ғылым және жоғары білім Министрлігінің ұйымдастыруымен өткізілген «Қазақстанның Ғылым және жоғары білімі: қайта құру нүктелері» тақырыбындағы форсайт-сессиясында жоғары оқу орындарындағы бүгінгі таңдағы мәселелер мен оларды шешудің перспективті бағдарлары, Қазақстанның жоғары білім саласындағы реформаларды қолдау бағыттары туралы талқыланған сессиясының жұмыс шеңберінде «ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мәлс Зайноллаұлы Семғалиев пен ҚР-ның Ғылым және жоғары білім Министрі Саясат Нұрбектің тарапынан екі жақты бірлескен меморандумға қол қойылды.

Меморандумды іске асыру бағытындағы басты мақсат- Президент Қ-Ж. Тоқаевтың мемлекеттік саясатын қолдай отырып, ғылым және жоғары білім саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыруға, осы саладағы сыбайлас жемқорлықтың кез- келген көріністеріне төзбеушілік қағидаттарын ұстану бағытында түсіндірме жұмыстарын жүргізу, ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, жоғары оқу орындарында жастардың бойында әділеттілік пен адалдық қасиеттерінің мол сіңірілуін түпкілікті қолға алу, осы жолда табанды тер төгу жұмыстарын көздеді. Бұл атқарылар жұмыстардың шеңберінде- болашақ ұрпағымыздың сыбайлас жемқорлық көріністерін көрмей өсуі, өз халқының, Отанының нағыз адал да білімді азаматтары болып шығуы, өз еліне ғылым, білім саласында үлесін қосатын азаматтардың тәрбиеленуінің маңыздылығы баса айтылды.

Өткізілген меморандум іс-шарасына «ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс» РҚБ-нің төраға орынбасары Б.Б.Мамыраев қатысты.

Өзара ынтымақтастық туралы меморандумның дер кезінде және қоғамдағы ең маңызды салалар қатарындағы ҚР ғылым және жоғары білім Министрлігімен жасалуы- «ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» РҚБ-нің АҚДМ қолдауымен «Жастар бойында жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізу» атты әлеуметтік жоба шеңберінде ұйымдастырылды.

«ЖАҢАРУ» РҚБ-і баспасөз қызметі

НАҚТЫ ҚАДАМДАР

«Жаңару» Жастар қанаты тарихи құжатты талдау барысында, Жалпыұлттық Референдумда қабылданған конституциялық тың өзгерістер- мемлекетіміздің негіздерін түбегейлі өзгертіп, қоғамның дамуына жаңа серпін беретіндігіне сенімді. Кездесуде жаңа экономикалық саясат, нақты секторды дамыту, ел болашағына стратегиялық инвестициялар, мемлекеттік басқаруды қайта жүктеу, заң және тәртіп мәселелері қарастырылып, сұрақтарға жауап берілді. Жаңа Қазақстанның болашағы – жастар мен экономикадағы оң өзгерістерге байланысты.

«Ел боламын десең- бесігінді түзе»- дегендей, алғаш рет «Ұлттық қор – балаларға» атты бағдарламасының өмірге келуі, инвестициялық табыстың 50% балалардың арнаулы жинақтаушы есепшотына аудару туралы шешім - өскелең ұрпаққа, ұлт болашағына жасалынған қамқорлық. 2023 жылы 100 мың жас жаңа жұмыспен қамтылады, әрі кәсіпкер жастарға 2,5% және оқуға жылдығы 2-3% жеңілдікпен несие беріледі делінген ұсыныстар көптің көңілінен шықты. Санаулы мемлекеттерде аталмыш әлеуметтік бағдарламалар табысты жұмыс жасауда, алайда бұл мәселе елімізде көп айтылғанымен бірнеше жылдар бойы еш нәтиже болмады.

Алғашқы нақты қадам- Мемлекет басшысы Қ-Ж. Тоқаевтың Жолдауынан бастау алды, жарқын болашақтың негізі қаланды. Бұл- тарихи шындық. Жолдауда «Біз шикізатқа әлі де тәуелдіміз. Еңбек өнімділігі төмен, инновация жеткіліксіз»- деп көрсетілуі бүгінгі тұрмыстіршілігімізге берілген баға. «Басқа мемлекеттермен тереземіз тең болу үшін біз бай, күшті, білімді болуымыз керек. Бай болу үшін кәсіп керек, күшті болу үшін бірлік керек, білімді болу үшін оқу керек»- деп ұлт кемеңгері А. Байтұрсынов ұрпаққа өсиет қалдырды. Уақыт өте бұл қағида өмірлік қажеттілікке айналды. Ал біз осы мүмкіндіктерді дұрыс пайдаландық па? Ашы болса да, ақиқат - шикізатқа тәуелділігіміз күн өткен сайын еселенбесе, азайған жоқ.

Жолдаудан туындайтын міндеттерді жүзеге асыру мақсатында Үкімет тарапынан 109 іс-шараны қамтитын Жалпыұлттық жоспар мақұлданды. «Жоспардың маңызды бөлігі- әлеуметтік даму, денсаулық сақтау және білім беру бойынша кешенді, әрі жүйелі шараларды қамтамасыз етуге бағытталған. Жалпы экономиканы дамытуда тек адами капитал ғана емес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің маңызы өте зор, олар өзара бір-бірімен тығыз байланысты.

2022 жылдың 6 қыркүйегінде ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі превенция қызметінің басшысы Саян Ахметжанов Батыс Қазақстан облысының бизнес және азаматтық қоғам өкілдерімен кездесті. Кездесу барысында ол мемлекет тарапынан шағын және орта бизнесті дамыту және қаржылай инвестиция тарту, сыбайлас жемқорлық қатерлері мен тәуекелдерінің алдын алу бағыттарына тоқталды. Өз кезегінде сөз алған кәсіпкерлер, қоғамдық бірлестік өкілдері бизнесті қолдау бағытындағы шешімін таппаған мәселелерге тоқталып, заңсыз тексерулерге тосқауыл қою, қоғамдық қадағалаудың маңызды екендігін атап өтті.

Қазақстандықтар қоғамдағы өзгерістерді эволюциялық жолмен шешілгенін қолдайды, әрі жастарға үміт артады. 2022 жылдың 2 шілде күні Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университеті, «Жаңару» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпы ұлттық қозғалысының БҚО филиалының бастамасымен «Жастардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды. Шара барысында «ЖАҢАРУ» РҚБ төрағасы М.Семғалиев мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асырылудағы «Жаңару» қозғалысының атқарып жатқан жұмыстарымен бөлісті, әрі жастарды әлеуметтік –экономикалық реформаларды жүзеге асыруда белсенді болуға шақырды. ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің БҚО бойынша департаменті превенция басқармасының басшысы Б.Хайруллин қолданыстағы заңнамаларға енген өзгерістерге тоқталды, сұрақтарға жауап берді. Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялар жүйелер университеті Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе облыстарының сот, ішкі істер, қылмыстық атқару жүйесі департаменттерімен өзара ынтымақтастық туралы меморандум аясында табысты еңбек етуде.

Ақсерік Сарыұлы ӘЙТІМОВ,
«ЖАҢАРУ» жалпыұлттық сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалыс» РҚБ Батыс Қазақстан облыстық филиалының директоры, техника ғылымдарының кандидаты, профессор

РАЗОБЛАЧЕНИЕ

О ПРОДАЖЕ НАЦИОНАЛЬНЫХ ИНТЕРЕСОВ

В самом начале этого года 19 января Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев опубликовал несколько постов в своем Twitter, где прозвучал ряд посылов, объединенных общей линией задач, направленных на улучшение благосостояния казахстанцев и жизни в стране. Одной из главных задач в данном направлении он отметил борьбу с коррупцией. Он написал: «Мы гарантируем открытость национальной экономики, неприкосновенность контрактов, уважение прав интеллектуальной собственности и беспощадную борьбу с коррупцией».

В подтверждение своих слов он 1 февраля провел совещание по вопросам противодействия коррупции. Президент в своем выступлении отметил, что бескомпромиссная борьба с коррупцией является одним из основных приоритетов государственной политики.

По его мнению, чтобы установить верховенство закона и построить настоящее правовое государство, прежде всего нужно искоренить коррупцию.

Все наше общество восприняло эти действия Главы государства как новый и действенный этап борьбы с коррупцией. И она будет не только на словах и бумаге, но и одним из главных направлений в построении Жаңа Қазақстан.

Исходя из этого РОО «ЖАҢАРУ» принято решение открыть на своем сайте рубрику «Резонанс», в которой будут публиковаться поступившие к нам заявления и документы, указывающие на коррупционые преступления.

В данном случае проинформируем вас как были преданы национальные интересы и нанесен многомиллиардный ущерб Государству в лице Национальной компании РК.

Compass Group – крупнейшая в мире британская сервисная компания, головной офис которой находится в Лондоне. В Казахстане её представляет дочерняя компания ТОО «ESS Support Services» со штаб-квартирой в Атырау на месторождении «Тенгизшевройл».

Руководители зарубежной компании подозреваются в организации международной преступной группировки для совершения коррупционных, мошеническихпреступлений с целью хищения объемов Национальной компании АО«НК«КазМунайГаз» и незаконного выкупа 40% доли дочерней компании.

Теперь все по порядку. За прошедшие семь лет организованной преступной группой из числа сотрудников дочерних компаний Compass Group, АО «НК«КазМунайГаз» и служб «Тенгизшевройл» из страны похищено и выведенно за рубеж 40-50 миллиардов тенге. В 2015 году Тенгизшевройл провел тендер на 7 лет по услугам сервиса на месторождении. Победителем было признано ТОО «КазМунайГаз-Сервис Compass» (в последствии переименовано в ТОО «Compass Kazakhstan»).

До этого события в 2014 году незаконно генеральным директором был назначен гражданин Турции Чаллар Чапа. Нарушена была норма Трудового кодекса РК, действовавшего в 2007-2015 гг. (гл. 27, ст. 250). Сев в командное кресло, он сразу начал с совершения должностного преступления, а затем реализовал преступные схемы, которые нанесли многомиллиардные убытки нашему государству.

Чаллар Чапа, скрыв от учредителя КМГС, без проведения общего собрания учредителей заключил субконтракт между ТОО «КазМунайГаз-Сервис Compass» и ТОО «ESS Support services» со 100% иностранной долей и свел долю казахстанского содержания на нуль.

Согласно Учредительному договору (п.6.3), генеральный директор имеет право подписывать контракты на сумму не более 100 тыс.$ США. Он же подписал контракты на сумму 700 млн. $США, а это более 300 миллиардов тенге. Цель этого была - реализация преступного плана увода прибыли Нацкомпании из совместного бизнеса.

Генеральной прокуратурой Республики Казахстан факт нанесения ущерба нацкомпании в 2015 году зафиксирован - 25.07.2022. NoЖТ-2022-01771770. Вот строки из ответа: «...В то же время установлено, что Товарищество в 2015 году заключило три контракта на оказание услуг ТОО «Тенгизшевройл» сроком на 7 лет, которые в полном объеме переданы в субподряд компании ТОО «ЮСС Суппорт Сервисез», чем нарушены интересы национальной компании. При этом передача контрактов в субподряд совершена единолично генеральным директором Товарищества Чаглар Чапа в нарушение учредительных документов без одобрения общего собрания».

Далее Чаллар в сговоре с сотрудниками из Астаны добился оценки по многократно заниженой цене казахстанской доли 40% в 1,2 млрд. тенге. Compass Group, учредитель ТОО «ESS Support services», проявил щедрость и выкупил долю всего лишь за 2 миллиарда тенге без проведения тендера. Этот факт нарушения Генеральной прокуратурой Республики Казахстан зафиксирован - 16.09.2022 №ЖТ-2022-02106120.

Немаловажно, что для осуществления этих преступлений генеральный директор Чаллар Чапа, а в последствии Николай Плещев и три финансовых директора (иностранцы) незаконно совмещали должности в двух компаниях. Все эти факты нарушения зафиксированы - подтверждает управление Госинспекции труда Атырауской области ЖТ-Т-1158, от 25.12.2018 года.

Благодаря сенатору Енсенгенову С.К. было выявлено заведомо мошенническая схема по уменьшению прибыли Казмунайгаза. По запросу сенатора, министром финансов РК А.Смаиловым был получен ответ от 19.10.2018 года). Таким образом руководством вышеуказанных компаний: Джон Роджерс, Чаллар Чапа, Паула Лауфорт, Ram Vellaiappan (Рам Веллаяппан), Р.Т. Антониос, Клайв Коули, а также в настоящее время генеральным директором Плещевым Николаем и другими менеджерами на территории Атырауской области выявлены уголовные преступления. Надо отметить, что они совершались на системной основе в течение многих лет.

Очевидно, что все эти годы они уводили прибыль Нацкомпании за рубеж, и потом за бесценок продали (приватизировали) долю 40% иностранцам. Таким образом 100% дохода оказалось за рубежом. В итоге из дохода Национальной компании Казахстана возможно похищено от 40 до 50 млрд. тенге. Для точной цифры необходимо создание специальной комиссии из опытных юристов, экономистов и, немаловажно, патриотов, которым не безразличны национальные интересы своего Отечества.

И первым в этом деле борьбу по защите национальных интерсов начал Мурат Турысбеков. На одном из заседаний в акимате Атырауской области он при всех обвинил чиновников управления Госинспекции труда в коррупции и не исполнении своих прямых обязанностей по защите национальных интересов. Можно только представить их состояние, ведь эти обвинения прозвучали под запись видеокамер.

Мы подготовили запрос для получения этого видиоматериала с того заседания с участием акима области.

Затем М.Турысбеков обратился к акиму Атырауской области и в Генеральную прокуратуру РК с просьбой возбуждения уголовного дела, создания Межведомственной следственно-оперативной группы, а также рассмотрения на комиссий:

1.Комиссия по демонополизации экономики при Правительстве РК.

2.Межведомственная комиссия по вопросам противодействия незаконной концентрации экономических ресурсов.

Их службы подтвердили выявленные М.Турысбековым вышеназванные нарушения и преступления, которые необходимо квалифицировать как уголовные. Но далее начинаются удивительные явления.

Прокуратура начинает «менять свои показания», то есть в последущих письмах отписываются, что состава преступлений нет.

Теперь все заявления М. Турысбекова пытаются свести на нет. Они постоянно затягивают принятия решения, и эти финансовые преступления переквалицировать в административные нарушения.

Еще раз хотим подчеркнуть, что в первую очередь речь идет о защите государственных интересов в лице АО «Национальной Компании «КазМунайГаз». Они всеми силами стараются «замять» это многомиллиардное дело. Понятно, что в данном случае речь идет и о попытке увода от ответственности лиц, стоящих за всеми этими преступными махинациями. Отписки продолжаются.

Все обвиненные стороны утверждают, что нарушений нет и претензий по потере объёмов и доходов не имеется. Но имеющиеся документы и письма утверждают обратное. На сегодня его заявления отправлены в Администрацию Президента, готовятся документы в Совет безопасности. По данному вопросу Мурат Турысбеков забил тревогу еще в 2015 году и вел борьбу на протяжении 7 лет. Эти документы, которые показывают, что за эти годы он вел бескомпромиссную борьбу за национальные интересы, добился очень многого. Тут необходимо сказать о том, что Мурат Турысбеков не просто человек, к которому попали компрометирущие документы, и он, вооружившись ими, кинулся наперевес защищать справедливость.

Мурат Турысбеков - состоявшийся руководитель, кстати, в совместном предприятии он был руководителем от казахстанской стороны на протяжении 10 лет.

На заре приобретения суверенитета нашей страны в лихие девяностые был руководителем крупнейшего хозяйства, руководил торговой базой, поднимал молочную отрасль, был генеральным директором и управлял АО«Жигер» по производству молочной продукции. Старожилы Алматы должны хорошо помнить вкус творожной продукции этого комбината. Особо можно отметить его достижения, когда он был Президентом государственной продовольственной корпорации. Больших высот он добился и после на государственной службе Президент государственной продовольственной корпорации. Больших высот он добился и после назначения его на государственную службу. М.Турысбеков был заместителем акима Мангыстауской области. Поэтому можно понять тревоги тех, с которыми Мурат начал свою борьбу. Ведь он знал все вопросы изнутри, будь это производство или государственная служба.

Его пытались остановить всеми методами. Вначале по-хорошему. Затем пошли угрозы, что вынудило его на какое-то время уехать за пределы страны. Он на себе убедился, что в «прошлом Казахстане» **законы не работали, а высокопоставленные чиновники покрывали эти преступления.**

Свидетельством того, что Мурат почувствовал и поверил в новый курс Президента на создание Справедливого государства, является его обращение к нам, Общенациональному движению против коррупции «JANARU», за поддержкой.

МУРАТ ТУРЫСБЕКОВ - СОСТОЯВШИЙСЯ РУКОВОДИТЕЛЬ, КСТАТИ, В СОВМЕСТНОМ ПРЕДПРИЯТИИ ОН БЫЛ РУКОВОДИТЕЛЕМ ОТ КАЗАХСТАНСКОЙ СТОРОНЫ НА ПРОТЯЖЕНИИ 10 ЛЕТ

Он предоставил все доказательства и документы. Мы на основании предоставленных фактов подготовили ряд писем с просьбой содействия для возмещения ущерба в бюджет Нацкомпании Республики Казахстан в виде упущенной выгоды, а именно дивидендов от английской компании Compass Group - 40-50 млрд.т. Признать продажу доли недействительной и вернуть её законному владельцу - национальной компании Республики Казахстан.

Так как это сотрудники из дочерней компании Compass Group, мы обращаемся к её Президенту Dominic Blakemore (Доминик Блэкмор): какие последствия были бы, если бы казахстанцы совершили такое преступление в Англии?

А так как компания из Великобритании, также мы обращаемся к нашей коллеге по борьбе с коррупцией Margaret Hodge.

Уважаемая Маргарет, надеемся, что вы обратите внимание на преступления ваших соотечественников. Ваше участие в расследовании очень бы помогло нам и нашим органам следствия.

Обращаемся к генеральному директору ТОО «Тенгизшевройл» Kevin Lyon (Кевин Лайон) с просьбой озвучить, кто из руководителей ТОО подписал незаконную сделку с согласованием передачи 1 октября 2015 года, ведь по международным стандартам Chevrjn (Шеврон), победителя тендера, которого выбирали «под микроскопом» 2 года, не меняют.

Есть вопросы и к руководству АО «НК«КазМунайГаз»: кто может объяснить, на каком основании состоялась передача иноземцам того, что принадлежит народу и государству? И рассуждать, законно это или незаконно, просто неуместно и абсурдно.

Опорой нашей смелости и публикации данного материала послужили слова Главы государства Касым-Жомарта Тоқаева: «...Чтобы установить верховенство закона и построить настоящее правовое государство, прежде всего нужно искоренить коррупцию».

Мы предпримем все, чтобы наш сигнал дошел до Совета безопасности, Генеральной прокуратуры и в другие структуры, чтобы они поставили точку в этом деле по возвращении в страну похищенных активов, которые начнут работать на процветание Казахстана.

Бақтыбай ЖҰМАДІЛДИН,
руководитель пресс-службы
РОО «JAN'ARU»

ЖАСТАР-ӘДІЛЕТТІЛІК ЖОЛЫНДА

«Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» қоғамдық бірлестігінің жергілікті атқарушы органдармен кездесуінде жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы санасын қалыптастыру мәселесі талқыланды.

Кездесу онлайн режимінде өтті, оған Қостанай облысының жастары мен мемлекеттік органдардың өкілдері де қатысты.

Жиын барысында, Қоғамдық келісім басқармасының бөлім басшысы Әлішер Уәлиев Қостанай облысы бойынша жастарға бағытталған кешенді жұмыстар мен жүзеге асырылып жатқан жобаларға тоқталды.

«Өкінішке орай, біз заңнамада neet санатындағы жастардың мәртебесі бекітілмегеніне тап болдық. Сондықтан бүгін біз бұл ұғымды анықтауымыз керек деп санаймыз. Қостанай облысында мамандар үшін тұрғын үйді кредиттеу бойынша арнайы бағдарлама әзірленді, бұл кадрларды ұстап тұру үшін жасалады. «Отбасы банк» 350 млн теңге, облыстық бюджет 350 млн теңге бөледі», - деді Әлішер Уәлиев.

Бұл ретте жиынға қатысушылар өңірден жас кадрлардың тұрақтамай олардың алыс шетелдерге кетіп жатқанын атап өтті. Мемлекеттік қызмет өкілдері соңғы жылдары бұл салаға жастардың азырақ келе бастағанын, бүгінде бұл 29 жасқа дейінгі мемлекеттік қызметшілердің жалпы санының 18 пайызын құрайтынын атап өтті.

«Қостанай облысында жастармен көп жұмыс атқарылып жатқаны байқалады, бірақ оның соңы жоқ. Бүгінде біз басшыларды қалай дайындауды, халықтың барлық топтарын қалай қамту керектігін шешуіміз керек, осы сұрақтармен барлық деңгейдегі депутаттармен жұмыс жасауымыз қажет» – деді «Жаңару» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мәлс Семғалиев.

Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар кешенін өткізу жобасы шеңберінде үкіметтік деңгейде көрсету үшін "Жаңару"РҚБ-ның қарауына енгізу керек деп санаймыз.

Асқар ЖАБАЕВ,
«ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс» республикалық қоғамдық бірлестігі Қостанай облыстық филиалының директоры

ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

Елімізде сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізу мақсатында белсенді қызметтер атқарып, әділеттілік жолында айқын мақсат, іс-әрекеттерімен халық жүрегіне жол тауып отырған «ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс» республикалық қоғамдық бірлестігі 2022 жылдың наурызынан бастау алған жоба аясында қарқынды жұмыстар жасап келеді. Осы бағытта қоғамдық бірлестіктің Шығыс Қазақстан облыстық филиалы да халыққа, оның ішінде жастарға ақпараттық түсіндірме жұмыстары, семинарлар, дөңгелек үстелдер, жеке қабылдаулар өткізіліп келеді.

«Жастардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізу» атты әлеуметтік жоба шеңберінде ең бірінші біздің атқаратын міндетіміз- халықпен ашық түрде сөйлесіп, олардың осы індетке қарсы сана-сезімін ояту, осы бағытта жаңа тәсіл, жаңа әдістерді қолдана отырып, белсенді жұмыс жасау, соның ішінде жастардың бойында қоғамның ауруының көріністеріне мүлдем төзбеушілік ұстанымдарын қалыптастырып, олардың сана-сезімін білімге, ғылымға, өнертапқыштыққа баулытып, жақсы әдет, игілікті істерді жасауына ықпал жасау. Сайып келгендегі шығатын қорытынды- халқымыз, жастар- таза, әділетті қоғамда өмір сүруі керек.

Біздің атқаратын маңызды жұмысымыз- мемлекеттік қызмет сапасын бақылау, халық арасында жаңа мәдениетті қалыптастыру, теріс әрекеттерге жол беріп қойған мемлекеттік қызметкерлердің жұмыстарын тиісті органдарға жіберу мәселелері болып табылады.

2018 жылдан бері аймақтардағы облыстық әдеп жөніндегі кеңестің мүшесі бола жүріп, халықпен тығыз қарым-қатынас жасап, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес мемлекеттік қызметкердің мансаптық моделі, олардың қызметін түбегейлі қадағалау, құзырлық негізден ілгерілету тетіктері арқылы алдын алу шаралары, ашық конкурстық іріктеу мәселелерімен жұмыс жасап келеміз.

Әдеп кеңесінің негізгі атқаратын міндеттерінің өзі- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау қорытындыларын қарау, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» Заңнамасына сәйкес заң бұзушылықтардың қорытындыларын сараптау, қызмет әдебінің сақталуын қадағалау, тәртіптік тәжірибені қадағалай отырып, бұл істе өткір, мығым жұмыс жасау, қызметтік әдеп нормаларын бұзуға жол бермеуді талап етеді.

2021 жылдың 12 айында әдептік кеңестің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу барысында 11 отырысы өткізілді, 73 мәселе қаралып, 200 ұсыным бойынша нақты жұмыстар жасалды, 29 тәртіптік іс қаралып, оның ішінде 25-і тәртіптік жазаға тартылу мақсатында тиісті органдарға жолданды. Осы орайда 13 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылып, 5-уі лауазымынан босатылды.

Жоба аясында жуырда Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан техникалық және Д.Серікбаев атындағы мемлекеттік университеттерімен Шығыс Қазақстан облыстық филиалы РҚБ-і өзара ынтымақтастық туралы шартқа қол қойды.

Меморандумның негізгі мақсаты – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде күш біріктіру және жемқорлықты жоюға бағытталған іс-шараларға азаматтардың белсенді қатысуына ықпал ету.

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде «SANALY URPAQ» студенттік клубы жұмыс істейді, ол студенттер, сондай-ақ университет оқытушылары мен қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған. Студенттер мен профессор-оқытушылар құрамының сыбайлас жемқорлық және академиялық адалдықты бұзу жағдайлары бойынша ректордың виртуалды қабылдау бөлмесі, «жедел желі» телефоны, сайттағы жалпыға қолжетімді форумчат арқылы жүгінуі үшін байланыс арналары ашылып, жұмыс істеуде.

Ректормен, білім алушылармен, олардың заңды өкілдерімен, сондай-ақ оқытушылармен онлайн-кездесулер жүйелі түрде өткізіледі. Сенім телефондары, факультеттер мен университеттің байланыс орталықтары тұрақты жұмыс істейді.

«Бірігіп көтерген жүктің жеңіл болатынын» ескере отырып жасасақ абзал болар еді.

Жомарт Нұқанұлы МАНАҚОВ,
«ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс» республикалық қоғамдық бірлестігі Шығыс Қазақстан облыстық филиалы директоры, облыстық әдеп жөніндегі кеңестің мүшесі

ЖАҢА МӘДЕНИЕТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

«ЖАҢАРУ» РҚБ жанынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу, жастардың бойында адалдық, әділеттілік сезімдерін орнату мақсатында құрылған «Адалдық айнасы» Жастар қанаты- жастар ұйымының Ережесі қабылданып, барлық өңір филиалдарында қызу түрде талқылануда.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру- ең алдымен тәрбиеге, оның ішінде отбасы, балабақша, орта білім, жоғары оқу орындарында үзбей жүретін процесс. Бұл жерде арнайы іс-шаралар, дәрістермен қатар, әр адамның жеке әдебі, этикасы, ұстанымы, жеке мәдениеті мен иманы арқылы да жүретін үрдіс.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті өңірдегі іргелі оқу орны болғандықтан және түлектер келешекте әр салада қызмет атқаратын мамандар болатындықтан қазіргі қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру жұмыстарына ерекше мән береді. Олар бірнеше бағыттарды қамтиды. Оның ішіне университеттің дәрістер жүргізу, студенттерді ерте бастан адалдыққа үйрету мақсатындағы «Парасатты ұрпақ», «Адалдық дүкені» сияқты орталықтар арқылы тәрбиелеу, оқытушылар арасында пара алумен күресу үшін «Таза сессия», «Сенім жәшігі», «Сенім телефоны» акцияларын тұрақты өткізу, оқу орнында арнайы қызмет ұйымдастыру.

Өткен оқу жылында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында университеттің ішкі нормативтік құқықтық актілеріне талдау жүргізілді. Атап айтқанда, «Құрылымдық бөлімшелер туралы ереже», үлгерімге тұрақты мониторинг жүргізу ережелері, қызметтерді көрсету тәртібін реттейтін, университеттің кадрлық мәселелерін реттейтін құжаттар» тексеруден өтті.

Жүргізілген талдау нәтижесінде штат санының негізсіз асып кетуі, кадрлардың тұрақтамауы тағы басқа фактілердің алдын алуға әрекет жасалды, олар жүйелі атқару және профилактика жүргізу үшін университетте «Этика және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет – комплеанс офицер» жұмыс жасайды.

Қазақстанда бүгінде көптеген жоғары оқу орындары «Адалдық лигасы» құрамына ену үшін жұмыстар жүргізуде. Көптеген жоғары оқу орындары академиялық адалдық саясатын қабылдады. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің де 2020 жылғы 15 маусымдағы Ғылыми кеңес отырысында «Академиялық адалдық кодексі» бекітілді.

Әр оқу жылында университет студенттерінің жемқорлыққа қарсы иммунитетін күшейту, сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім мен тәрбиенің кешенді жүйесін құру, адал еңбектің ұтымын құру мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, әлеуметтік бейнероликтер көрсетіледі.

Өткен жылы студенттермен 5 кездесу өтсе, университет қызметкерлері, профессор-оқытушылар құрамының арасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» және «Академиялық адалдық кодексі» тақырыбына үш кездесу ұйымдастырылды.

2021-2022 оқу жылында академиялық оқу процесі бойынша жүргізілген профилактикалық іс-шаралардың нәтижесімен кездесу ұйымдастырды. Оған Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментінің Превенция басқармасының басшысы Қаражанов Жәнібек Жұмабайұлы, орталық «Иманғали» мешітінің ұстазы Боханов Наркез қатысты.

Осы бағытта «Аманат» партиясы Атырау облыстық филиалы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңес мүшелері, «Жас Отан» Жастар қанатының Атырау облыстық филиалы қызметкерлерінің қатысуымен студенттер арасында дөңгелек үстел, қоғам қайраткері, академик, профессор, филология ғылымдарының докторы, «Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» Республикалық қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары Бейбіт Баймағамбетұлы Мамраевпен оқу орнының оқытушы, студенттерімен, «Саналы ұрпақ» студенттік клубы мүшелерімен кездесу өтті.

2021–2022 оқу жылы емтихан сессиясында сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік пен белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру бағытында «Таза сессия» акциясы жүргізіліп, комиссия штабы құрылды.

Оқытушылардың сабақ сапасын жақсарту мақсатында барлық аудиторияларға бейнебақылау камералары орнатылды, қызметкерлерінің заңсыз сыйақы алу және сыбайлас жемқорлық фактілерін анықтау мақсатында студенттер арасында анонимді сауалнама жүргізілді.

Осындай жұмыстар нәтижесінде 10 студент академиялық адалдық принципін сақтамағаны үшін оқудан шығарылса, 4 студенттің емтихан бағасының күші жойылды. Сонымен қатар 6 оқытушымен келісім-шарт тоқтатылып, жұмыстан шығарылды.

Университеттің «Телеграмм» жүйесі басқа да әлеуметтік желідегі парақтары бар, әрбір оқырманның өтініш арыздары жан-жақты тексеріліп, университет басшылығы ашықтық саясатын ұстанады.

Алдағы уақытта университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарына сай сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағытындағы жұмыстар күшейтіліп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатындағы жұмыстар жалғасатын болады.

Оразғали Төлеуғалиұлы ҚАРШЕГЕНОВ,
«ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс» республикалық қоғамдық бірлестігінің Атырау облыстық филиалының директоры

БЕЛСЕНДІ АЗАМАТТЫҚ ҰСТАНЫМДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

«Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы қалалық филиалы Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы КЕАҚ қолдауымен жүзеге асырылатын «Жастардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізу» жобасын іске асыру барысында жалпы өткен кезең бойынша 14 іс-шара өтті.

Олардың мақсаты – жастар арасында құқықтық мәдениетті, сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыру жөніндегі жұмыс бағытын айқындау, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасының негізгі қағидаларын түсіндіру, жастардың құқықтық сауаттылығын және олардың белсенді азаматтық ұстанымын арттыру мүмкіндіктерін, құқық бұзушылықтарға төзбеушілік қағидаттарын талқылауды көздеді.

Алматы қалалық филиалы қатысушыларды қызықтыру және қажетті нәтижеге қол жеткізу үшін іс-шараларды дайындауға және өткізуге шығармашылықпен қарайды. Бұл туралы «Алматы құрылыс және халық кәсіпшілігі колледжі» КМҚК алаңында ашық диалог форматында дөңгелек үстел өткен қызықты іс-шара куәландырады. Колледж оқушыларының құқықтық нигилизм неге сыбайлас жемқорлықтың негізі болады; «Ғылымды зерттей отырып, өз алдыңа айқын және игілікті мақсаттар қой» секілді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл призмасы арқылы Абайдың сөздерін қалай түсіндіруге болады; оқушылардың құқықтық санасы қалай қалыптасады; сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін қауіп-қатерлер аймақтарына не жатады деген сұрақтар бойынша пікір алмасуы маңызды сипат алды.

Алматы Мемлекеттік жаңа технологиялар колледжінің оқытушылары және студенттерімен өткен семинарда Ұлттық кітапхана директорының ақпараттық технологиялар және инновациялар жөніндегі орынбасары Н.А. Есқалиева «Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы - еліміздің жетекші ақпараттық және білім беру орталығының сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелеріндегі рөлі туралы» күн тәртібіндегі мәселеге тоқталды.

Сөз сөйлеу барысында қазіргі уақытта да Қазақстан кітапханаларының ірі ғылыми-әдістемелік орталығы болып табылатын Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасының негізі мен даму тарихын баяндайтын фильм көрсетілді.

Семинарға қатысушылар үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы кітаптар көрмесі ұйымдастырылды, ал резервтік қордан Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасы директорының орынбасары Н.А. Есқалиева бірқатар кітаптарды Алматы Мемлекеттік жаңа технологиялар колледжіне сыйға тартты.

Барлық өткізілген іс-шаралардың құрметті қонақтары арасында қатысқандар: «ЖАҢАРУ» РҚБ төрағасының орынбасары Б. Б. Мамраев, «ЖАҢАРУ» РҚБ АҚФ директоры Қ.Қ. Өскенов, Жетісу және Түрксіб аудандарындағы қозғалыс филиалының өкілдері М. М. Ахметсафин, Т. М. Шәкірова, Алматы қаласы мәслихатының VII шақырылым депутаты А.А. Ақанова, «SanalyUrpag» жобалық кеңсесінің жетекшісі К.А. Токушев, Алматы қаласы Алмалы ауданының «Almaty Adaldyq alany« жобалық кеңсесінің басшысы М.М. Калимолдин, Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасы директорының Ақпараттық технологиялар және инновациялар жөніндегі орынбасары Н.А. Есқалиева, «AMANAT» партиясы Бостандық аудандық филиалы жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қоғамдық кеңес төрағасының орынбасары Э.А. Кәрібаев, Ауыл шаруашылығы ардагерлері кеңесінің төрағасы А.С . Бегманов, Алматы қаласы бойынша «АНТИКОР» сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағартушылық штабының өкілдері Қ.С. Әбдіхалықов, Б.Б. Рамазан, Қазақстан - Британ техникалық университетінің қауымдастырылған профессоры А.З Камалиденова.

Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу- ол саясаткерлерге, бизнесмендер мен бизнес-қоғамдастықтарға, құқық қорғау және сот органдарына ғана емес, сондай-ақ осы мәселеге барынша жауапкершілікпен қарайтын жас ұрпаққа, жастар қозғалыстарына да әсерін тигізуде. Ол еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне тигізетін нақты қауіп-қатерге, кез келген өзгерістер жолындағы басты тежегішке айналды. Ал жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру біртұтас құқықтық мемлекеттің ең маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдық кезеңі аралығында Қазақстан сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың өзіндік моделін қалыптастырғанын атап өтті. Іс-шаралар қатысушыларының толтырған сауалнамаларын талдай отырып, тыңдаушылардың ұсынылған тақырып бойынша алған ақпаратқа қанағаттанушылығын, сондай-ақ осындай кездесулерге қатысуға деген ықыласын атап өткен жөн, жастарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға тарту сыбайлас жемқорлықты тежеуде табысқа жету үшін маңызды екенін атап өтті.

ҚАНАТ ӨСКЕНОВ,
«ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс» республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы қалалық филиалының директоры

САНАЛЫ ЖАСТАР – ІЗГІЛІККЕ БАСТАР

Біз мүлде жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Ал шешімі күрделі мәселелер де бар. Ол – әлеуметтік мәселе. Бұл салада қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол – сыбайлас жемқорлық. Еліміздe осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ әлі толық шешімін таппаған жайттар да аз емес.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті қалыптасқан адам жемқорлықтың қоғам мен мемлекет, әрбір адам үшін қаншалықты қауіпті екенін сезініп, жемқорлық құбылысына қарсы тұратын болады, яғни осындай келеңсіз көріністерге мүлдем төзе алмайды. Сөйтіп, осы дерттің жойылуына үлес қосуына алып келеді. Мұның өзі сыбайлас жемқорлыққа карсы мәдениеттің азаматтардың саяси белсенділігін көтеруге ықпал ететінін көрсетеді. Жастардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің толық қалыптасуы үшін бірқатар шарттар керек екендігі сөзсіз.

Жас буынға жемқорлықтың орасан зор салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу, ағарту шараларын қолға алу жұмыстары- жастардың сыбайлас жемқорлыққа карсы мәдениетінің қалыптасуына, олардың өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынуына және орындауына көмектесері сөзсіз. Осы тұрғыда ең алдымен «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет» деген ұғымның мән-мазмұнына бойлау қажет.

Бұл ретте «ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс» РҚБ Шымкент қалалық филиалының Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының» қолдауымен «Жастар бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру жөнінде іс-шаралар кешенін жүргізу» атты әлеуметтік жобасы шеңберінде іс-шаралар ұдайы өткізіліп келеді. Оған әртүрлі мамандық иелері- өніріміздегі білім, техника, спорт салалаларындағы жастар да белсене қатысуда. Шараның басты мақсаты – жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды, белсенді азаматтық ұстанымды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа азаматтық сектор өкілдерін тарту арқылы мемлекеттік қызмет көрсету саласында сыбайлас жемқорлық көріністеріне «мүлдем төзбеушілікті» қалыптастыру. Осы әлеуметтік жоба шеңберінде студент жастармен келелі кездесулер, олардың шешімін таба алмай жүрген сұрақтарына нақтылы жауаптарын алу мақсатындағы қоғамдық қабылдаулар, студенттердің әл-ауқатын, оқыту және орналасу жағдайларын білу, жатақханадағы қауіпсіздік шаралары мен санитарлық нормалардың өз деңгейінде сақталуы барысында жасалған рейдтер жастардың бойында сыбайлас жемқорлық көріністерінен мүлдем аулақ болуға үндеді.

Сыбайлас жемқорлықсыз қоғамды құруда отбасынан алынатын тәрбиенің маңызы зор. Бұл ретте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті насихаттау қоғамның түрлі салаларын қамтиды, оның ішінде, әсіресе, білім беру мекемелеріне жүктелетін жауапкершілік аса жоғары. Еліміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасында: «Отбасы және білім беру саласы- бұл үдеріске мүдделілік таныта отырып қатысуы керек. Бұл жұмысты мектепке дейінгі бала тәрбиесінен бастаған абзал»- делінген.

Мұнда өскелең ұрпақтың жастайынан құқықтық санасы мен мәдениетін қалыптастыру, отан сүйгіштік бағыттағы құндылықтар негізінде тәрбиелеу міндеті қойылып отыр. Өйткені, азаматтардың өз құқықтарын жақсы білуі қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптасуына бірден-бір ықпал ететін фактор болып табылады. Еліміздің әрбір азаматы қандай да бір заңнаманы сәйкесінше қолдана білсе, мемлекеттік қызметкердің өз лауазымын заңсыз қолдануына жол бермесе, яғни заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін тиімді қолданса еліміз дерттен арылып, әлемдегі дамыған елдер қатарынан орын алуына үлкен үлес қосылар еді. Қазақта «Не ексең, соны орасың» деген мақал бар. Ендеше, тәрбие бар жерде, қылмыс та болмайтынын еліміздің әрбір саналы азаматы осы бастан түсінгені абзал.

Талғат НҰРДӘУЛЕТ,
«ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс» РҚБ Шымкент қалалық филиалы

«БОЛАШАҚ» АКАДЕМИЯСЫНДАҒЫ КЕЗДЕСУ

Жаңа Қазақстанның жаңа саяси бағыты - сыбайлас жемқорлықты жою мақсатында мемлекет пен қоғамды осы жағымсыз құбылысқа қарсы күресте күш біріктіруге бағыттайды. Осыған байланысты 2022 жылдың 20 қыркүйегінен бастап Қарағанды қаласындағы «Болашақ» академиясында «ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс» республикалық қоғамдық бірлестігімен бірлесіп «Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» тақырыбындағы әлеуметтік жоба аясында бірқатар іс-шаралар өткізілуде.

Іс-шаралар барысында студенттер сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы өз пікірлері мен ұсыныстарын білдірді. Сонымен қатар, академия студенттері сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие бойынша сауалнамадан өтті. Студенттер арасында әлеуматтанулық зерттеулерді ғылыми зерттеулер және гуманистік педагогика орталығының жетекші ғылыми маманы, философия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы әлеуметтанушылар одағының төрағасы Бектұрғанова Бақытжамал Иркенқызы жүргізді.

Қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлық фактілерінің көптігі қоғамның қай саласында болмасын, әрбір зиялы азаматты бейжай қалдырмайды. Сондықтан мұндай іс-шаралардың көптеп ұйымдастырылуы - қоғамның ауыр дертіне айналып отырған қауіпті індеттің алдын алу жолындағы басты қадамдардың бірі болмақ.

«ЖАҢАРУ» РҚБ-і баспасөз қызметі

ЕЛ АЗАМАТТАРЫНЫҢ -БҮГІН БАҚЫТТЫ БОЛҒАНЫН ҚАЛАЙМЫН

«Жастардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру» атты әлеуметтік жоба шеңберінде «ЖАҢАРУ» РҚБ-нің Қызылорда облыстық филиалының ұйымдастыруымен жастар арасында еркіндік, отбасы құндылықтары, жеке кеңістік және өзін- өзі дамыту мүмкіндіктері туралы тұрақты дүниетанымдық ұстанымдарды қалыптастыру мақсатында көптеген іс-шаралар жасалды. Осы жоба аясында жүргізілген іс-шаралардың барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа азаматтық сектор өкілдерін тарту арқылы қызмет көрсету саласында сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілік таныту, жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдарының бірлесіп жастар арасында туындаған мәселелерді талқылау, тиісті деңгейде қаралуын ұйымдастыру, әрі қарай нақты кеңеске көшуіне кеңес беру әдістері нақтылы қолға алынды.

Дана халқымыздың дара сөзі бар. «Елдің атын ер шығарады» деген. Бұл жауапкершіліктер сіздер мен біздерге ел атынан қойылған үлкен міндет деп түсінуіміз керек.

Бірінші кезекте біз мемлекетіміздің нығаюы, экономикалық даму дәрежесіне жетуін ойлауымыз керек, соған білімімізбен күш-жігерімізді жұмсап жаңалықтар ендіруді ойлау- жастардың еншісінде. Жаңа Қазақстан енді жалаң ұран емес, жасампаз идеяға, нақты болашақ үшін құрылған жоспарға айналуын іске асыруды ойластыру және соған барынша халықтың сана сезімін, жаңарған елімізді құру мәселесін жатсақ та тұрсақ та басты мақсатқа айналдыруды көздеуіміз керек. Себебі қазақ елінің рухы өзге ұлттар мен ұлыстардың алдында кішірейімеуі керек. Бұл әрине болашаққа деген ұлттық идея, оның тірегі-халық, жастар, алға бастаушы жетекшісі-атқарушы жергіліктің билік өкілдері болуы шарт, оның дем беруші күштері-қоғамдық құрылымдар, қозғалыстар. Осы тұрғыда тау қопарар қайраты бар, алға жеткізер білімі бар талапты, білімді жастарымызды Мемлекет басшысы Қ-Ж.Тоқаев айқындап берген Ұлттық идеямызды әрі қарай дамытуға жол сілтеу- біздің міндет. Ұлттық идеямыздың күші сол болмақ, қанатты жастарды жемқорлықсыз Қазақстанның болашағы етіп тәрбиелеуді мақсатқа айналдыру, жемқорлықты жеңу-басты міндетіміз, сол кезде ғана Қазақстанда ел аңсаған жарқын болашағы орнайтындығы анық.

Бүгінгі таңда өткізілген іс-шараларымыздың басты мақсаты да сол, жастармен бірлесе отырып, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып жұмыс жасау идеясын қолға алып сыбайлас жемқорлыққа қарсы тоқтаусыз күрес жүргізу, оны дұрыс жоспарлау, бағамдау, сараптау.

Мемлекет басшысының «Еліміздің азаматтары ертең емес, бүгін бақытты болғанын қалаймын»-деген сөзін болашаққа үміт артар жастардың білім, ғылым жолындағы маңызды қадамдарына, олардың қоғамға қосатын тың жаңалықтары мен жаңашыл өзгерістеріне рух беріп, дамытатын біздер екеніне айқын маңыз беріп отырғанын түсінуге болады. Бұл жолда:

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты
Мен жастарға сенемін"-

деген Мағжан Жұмабаевтың ұшқынды өлең жолдары жастарға да қанат бітірердей. Бұл жолда баршамыз болып тер төгу-қоғам алдындағы, ел алдындағы азаматтық парызымыз, асыл міндетіміз болмақ.

Қажденбек БАЙМАХАНОВ,
«ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс» РҚБ –нің Қызылорда облыстық филиалының директоры

United Nations | Office on Drugs and Crime

UNODC | WhatsOn Fostering partnership against organized crime

Home About us Contact us Tools and Guides User profile Register

THE REPUBLICAN PUBLIC ASSOCIATION "ZHANARU" IS HEADING THE CIVIL SOCIETY ANTI-CORRUPTION MOVEMENT IN KAZAKHSTAN

whatson.unodc.org/whatson/en/featured-human-story-zhanaru-kazakhstan

Біріккен ұлттар ұйымының сайтында Қазақстандағы азаматтық қоғамның жаршысына айналған «ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс» республикалық қоғамдық бірлестігінің жеке парақшасы ашылды.

«Жаңару» тарапынан жасалып отырған маңызды қызметтер БҰҰ-ның назарына ілікті, бағаланды. Енді біздің атқарып жатқан жұмыстарымыз дүние жүзіне мәлім болады.

Осы жылдың басында БҰҰ ЕҚДБ Еуропалық Қайта Құру және даму банкімен (ЕҚДБ) бірлесіп, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы ағымдағы ынтымақтастықты талқылау үшін азаматтық қоғамның — сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктің (АСА) Қазақстан бойынша Астанадағы басқа да тиісті ұлттық серіктестіктері басшылары және сарапшыларымен кездесті.

Қазақстандық азаматтық қоғамның белсенді өкілдерінің қатарында «Жаңару «сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс» республикалық қоғамдық бірлестігі- үкіметтік емес ұйымдардың ішіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі көшбасшылардың бірі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі- үкіметтік емес мүдделі тараптардың өкілдерімен үнемі кездесіп отырады және «Жаңару» әзірлеген ұсыныстарды тікелей жоғары басшылыққа жеткізуге мүмкіндік берілді.

Осы орайда «ЖАҢАРУ» қоғамдық бірлестігі өз ұсыныстарын Парламентке, Үкіметке, министрліктер мен ведомстволарға, провинциялық және жергілікті өкілді органдарға және барлық мүдделі тараптарға үнемі енгізіп отырады.

Маңызды мәселелерді қамтыған қоғам үшін өзекті тақырыпқа айналып отырған сыбайлас жемқорлыққа қарсы тегеурінді тосқауыл қоюдың іс-қимылдары, осы жолда халықтың көкейде жүрген сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның көлеңкелі тұстарымен бетпе-бет келіп, нақтылы іс-әрекеттер жасап, қоғамға өзіндік елеулі үлесін қосып отырған «ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс республикалық қоғамдық бірлестігінің айқын атқарып отырған қарқынды жұмыстары жөніндегі ақпаратты төмендегі сілтемеден оқып, таныса аласыздар.

Бұл сілтемені оқу үшін Whatsonhere сайтындағы «Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс» республикалық қоғамдық бірлестігінің профиліне кіріп көруіңізге болады. Оқу мүмкіндіктері туралы білу үшін БҰҰ UNP азаматтық қоғам бөлімінің веб-сайтына кіріңіз.

«ЖАҢАРУ»
РҚБ баспасөз қызметі

ТОО «Газета «Жаңару»

Регистрационное свидетельство – №17059-Г от 19,04,2018 г,

Собственник: Общенациональное движение против коррупции «ЖАҢАРУ»

Издается с 2018 г.
Адрес редакции: г. Костанай, пр. Аль-Фараби, 90.

Председатель редакционного совета: Семғалиев М.З.
Редактор: Б.Жумадильдин.
Корректор: А.Мусабаева.
Верстка и дизайн: С. Лютум.
Территория распространения: Республика Казахстан

Печать офсетная. Газета отпечатана в ТОО «Костанайполиграфия», г. Костанай, ул. Мауленова, 16.

Объем – 1 печатный лист, Тираж – 1000 экз.

Заказ №2515
При перепечатке ссылка на газету «Жаңару» обязательна. Мнение авторов публикаций может не совпадать с точкой зрения редакции.

Ответственность за содержание рекламы и объявлений несет рекламодатель.